

**Талдықорған қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды және ұйымдарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы**

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 34 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 8 ақпанда № 4520 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына және "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Талдықорған қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды және ұйымдарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. "Талдықорған қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Талдықорған қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Қожабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Б. Қарасаев*

Қала әкімдігінің 2018 жылғы 24 қаңтардағы "Талдықорған қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды және ұйымдарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" № 34 қаулысына қосымша

## **Талдықорған қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды және ұйымдарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды және ұйымдарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) азаматтарға қатысты ақшалай сыйақы беру.

2. Талдықорған қалалық ішкі істер басқармасының Жергілікті полиция қызметінің ұсынысы бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтарды және ұйымдарды көтермелеу мәселелерін Талдықорған қаласы әкімдігімен құрылған комиссия қарайды.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермелеушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін комиссия қабылдайтын шешімге, қосымша Талдықорған қалалық Ішкі істер басқармасы бастығының бұйрығы шығарылады.